

ТЕКСЕРІЛДІ:
әдіскер Д.Б.Мұхаметьярова

*Утверждено
методом
Д.Б.М.*

27.03.2026 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 30.03 – 03.04. 2026 жыл (1-апта)

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы. Апта дәйексөзі: «Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап» (Абай)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.03	Сейсенбі 31.03	Сәрсенбі 01.04	Бейсенбі 02.04	Жұма 03.04
Ата-аналармен әңгімелесу	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Жиһаздар»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимн орындау (дүйсенбі күні)				
	Көктемгі қауіпсіздік ережелерін сақтау. 1. Көктемде қар еріп, жер тайғақ болады. Балалар жүгірмей, абайлап жүруі керек. 2. Көктемде шатырдан мұздар құлауы мүмкін. Сондықтан ғимараттың дәл жанында тұрмау керек. 3. Қар ерігенде су көп болады. Балалар үлкен суға немесе арықтарға жақындамауы керек. 4. Көктемде күн жылы болса да, жел суық болуы мүмкін. Сондықтан бас киім, күртеше кию керек. 5. Жерде жатқан қауіпті заттарды ұстамау керек. Бір нәрсе тапса, міндетті түрде тәрбиешіге айту қажет. 6. Көктемде гүлдер өсіп, құстар келеді. Гүлдерді жұлмау, құстарды үркітпеу керек.				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Хафиз» күйі https://music.kz/mp3/asylbek-ensepov-hafis/37426				
«Өнегелі 15 минут» «Қамқорлық гүлі» Ойынның мақсаты: мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады. Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап,					

	анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады.			
Сөздік минимум	Шай, сүт, айран, шырын, су. Іш, ішемін. Сен су ішесің Үстел, орындық, кереует, кілем, сөре, теледидар, тоңазытқыш.бе?		Оң жақта үстел, сол жақта орындық, орындық астында, орындық үстінде, тоңазытқыш ішінде	
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Жиһаздар» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; жиһаздардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; балалардың зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдылары қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Балалар, біз қайда тұрамыз? Біз үйде тұрамыз. Үйде не бар? Үйде үстел, орындық, кереует, теледидар бар. Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? Жиһаздар. Біз бүгін жиһаздың қазақша атауын есте сақтайтын боламыз. Бейнежазба көру «Бөлмеде» «Үйде не бар?» жаттығуы Көрнекілік суреттерді көрсету. Ү-ү-үстел. Орындық-қ-қ. Кереует.</p>		<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Кеңістікті бағдарлау» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлау мағынасын білдіретін сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қайда сұрағын қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Балалар, біз денеміздің жоғары жағында не тұр, мынау не? Мынау – бас. Басымыз қайда? Басымыз жоғарыда. Жоғарыда – вверху. Денеміздің төменгі жағында қандай дене мүшесі бар, мынау не? Мынау – аяқ. Аяқ қайда? Аяқ төменде. Төменде – внизу. Жоғарыда – төменде. Денемізді екіге бөлейік. Біздің оң жақ және сол жағымыз бар.</p>	

	<p>Сө-ө-өре. Теледидар. Тоң-ң-ңазыт-қ-қ-қыш «Қажет, қажет емес» жаттығуы. Асүй мен жатын бөлмесіндегі жиһаздардың дұрыс және қате орналастырылған суреттер сериясы көрсетіледі.</p> <p>1. Асүйде үстел мен орындық. - Балалар, бізге тамақ ішу керек. Үстел мен орындықты қою керек. Орындыққа отырады. Үстел басында тамақтанады.</p> <p>2. Асүйде үстел, орындық пен төсек. - Балалар, асүйге төсек қоямыз ба? Төсек қажет емес.</p> <p>3. Жатын бөлмеде төсек. - Адамдар төсекте ұйықтайды.</p> <p>4. Жатын бөлмеде төсек пен асүйге арналған шкаф бар. - Балалар, жатын бөлмеге асүй шкафын қоюға бола ма? Жоқ. Асүй шкафын жатын бөлмесіне қоймаймыз.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Біреу және көп» Балалардың зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдылары қалыптасады. Үстел – үстелдер. Орындық – орындықтар. Кереует – кереуеттер. Сөре – сөрелер. Теледидар – теледидарлар. Тоңазытқыш – тоңазытқыштар. Дидактикалық ойын: «Не үшін</p>		<p>Оң жақта не бар? Оң қол, оң аяқ. Сол жақта не бар? Сол қол, сол аяқ. Қасық, қалам ұстайтын қол қалай аталады? Оң жақ. Оң жақта – справа. Сол жақта – слева. Оң жақта – сол жақта. Балалар, біз бүгін қайда? деген сұраққа жауап береміз.</p> <p>Топпен жұмыс «Қайда екенін ата» Мынау – бөлме. Оң жақта не тұр ? Оң жақта үстел тұр. Сол жақта не тұр? Сол жақта кереует тұр. Жоғарыда не тұр? Жоғарыда сөре тұр. Төменде не тұр? Төменде теледидар тұр.</p> <p>Суретпен жұмыс Балаларға әртүрлі орындықтар көрсетіледі. Сол жақтан оң жаққа қарай санасақ, көк орындық бірінші тұр. Оң жақтан сол жаққа санасақ, көк орындық төртінші тұр. Осылай барлық орындықтарды атап шығу керек.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Орындық қайда?» Балалар қайда деген сұраққа жауап беруге дағдыланады, диалогке қатысуға үйренеді. Орындық қайда?</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p>керек?» Балалар қарапайым сұрақ қояды және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыланады. Орындық не үшін керек? Орындыққа отырамыз. Кереует не үшін керек? Кереуетке жатамыз. Үстел не үшін керек? Теледидар не үшін керек?</p> <p>Сергіту сәті: Оң жағымда үстелім, Сол жағымда орындығым Ортасында төсек тұр Өзі сондай жайлы тым.</p> <p>Шығармашылық жұмыс: Боя, есте сақта. Балалар орындықтарды сары түске бояйды.</p> <p>Қорытынды: - Балалар, біз не істедік? Иә, бөлмелерге жиһаздарды дұрыс орналастырдық.</p> <p>«Сенде не бар?» рефлексиясы Үстелдің бетінде әртүрлі ретпен жиһаздардың заттық суреттері жайылып жатады. Олар: үстел, орындық, шкаф, төсек, диван. - Балалар, маған жиһаздың суреті бейнеленген бір карточканы алып келіңдерші.</p>		<p>Орындық үстел үстінде. Үстел қайда? Үстел оң жақта Сөре қайда? Сөре жоғарыда.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ішінде не бар?» Балалар сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйренеді. Тоңазытқыш ішінде не бар? Тоңазытқыш ішінде сүт бар. Тоңазытқыш ішінде ет бар. Тоңазытқыш ішінде май бар.</p> <p>Сергіту сәті Кел, билейік! Қолыңды алға соз, қолыңды артқа тарт, Қолыңды алға соз да сілкіп-сілкіп ал. Бұл көңілді биде шыр айналып, Қанекей, кел, билейік!</p> <p>Қорытынды: Жаңа сөздердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.</p>		
--	--	--	---	--	--

<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p>Ересек топ Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр Балалар естіген сөйлемдерді (мысалы: Мен шырын ішемін, Мен сүт ішемін, Мен су ішемін, Мен айран ішемін) ұяшыққа ретімен орналастырады Мектепалды топ Дидактикалық ойын: «Не үшін керек?» Орындық не үшін керек? Орындыққа отырамыз. Кереует не үшін керек? Кереуетке жатамыз. Үстел не үшін керек? Теледидар не үшін керек?</p>		<p><u>Мектепалды топ</u> Сергіту сәті Кел, билейік! Қолыңды алға соз, қолыңды артқа тарт, Қолыңды алға соз да сілкіп-сілкіп ал. Бұл көңілді биде шыр айналып, Қанекей, кел, билейік!</p>		
<p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>	<p>«Қамшы алу» ойыны Ойынға бес ер бала қатысады. Ортада төрт қамшы жатады. Балалар шеңбер жасап, күй әуенімен айналып билеп жүреді. Әуен тоқтаған кезде жерде жатқан қамшыны жылдам алу керек. Ең соңғы қамшыны алған бала жеңімпаз болады.</p>				